

Таким образом, все студенты имеют определенные трудности в межличностных отношениях, поэтому встает вопрос о необходимости разработки психокоррекционной программы с учетом полученных результатов.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Ешпанова Д.Д. Социальный портрет молодежи в современном Казахстане/ Д.Д. Ешпанова, А.Н. Нысанбаев // Социологические исследования. – 2004. – № 12. – С. 86–94.
- 2 Ешпанова Д.Д. Молодежь Казахстана: проблемы ее социального развития/ Д.Д. Ешпанова, К.О. Айтбай, З.С. Айдарбеков // Социологические исследования. – 2008. – № 5. – С. 58–66.
- 3 Пфейфер Н.Э, Колух О.А. Эмоциональная стабильность как феномен межличностного взаимодействия. – Павлодарский государственный университет: Білік. – 2012. – № 7. – С. 34–47.
- 4 Сугрובה Н.Ш., Егидес А.П. Как научиться разбираться в людях. – Алма-Ата: Казахстан: АО «Караван», 1991. – 72 с.
- 5 Злобина Е.Г. Общение как фактор развития личности. – М.: Мысль, 2004. – 287 с.
- 6 Берн Э. Трансактный анализ и психотерапия. – СПб.: Братство, 1992. – 226 с.

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ – ТӘРБИЕ БАҒЫТЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Қанапина Б.Т., Мұқажанова А.,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

Тәуелсіздік туын тіктеп, егеменді ел нышандарын белгілеп, Қазақстанның мемлекеттік мәртебесі нығайып, білім жүйесінің дамуында игі істер атқарылуда. Қазақстан бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену міндеттері білім беру мазмұнын құрылымын жаңарту, білім технологиясын жетілдіру, білім сапасының ұлттық жүйесін дамыту арқылы шешіледі. Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Саяси өмірде болған өзгерістер тәрбие ісіне жаңалықтар енгізіп, жаңа леп әкелгені маңызды әрі құнды.

Бұл күндері еліміздің барлық өңірлерінде «Білім беру инновациялық стратегиясы-мемлекеттік қоғамның және тұлғаның тұрақты дамуының факторы», – деп алынуының өзі осы кезеңде елімізде білім берудің ерекше назар аударылғандығын айғақтайды. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050» бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауында жалпы білім беру жүйесін білім берудің инновациялық үдеріс оқыту әрекетінің технологиялық құрамына тікелей байланысты екендігін атап өткен болатын /1, 5/.

Әлеуметтік өмірдің барлық саласындағы түбегейлі өзгерістер, ғылым мен мәдениеттегі прогресс, педагогикалық қызмет саласындағы жаңа талаптар білім жүйесіндегі қайта құрылуды талап етеді. Бұл салаларды әрі қарай жетілдірудің бірден-бір мүмкін жолы-инновация, яғни педагогикалық жаңалықтарды игеру мен қолдануды басқаратын үрдістер. Бұл білім беру мазмұнына, білім беру және тәрбиелеу әдістеріне, білім беру мекемелерін ұйымдастыру және басқару жұмыстарына байланысты.

Жалпы ұлттық «Мәңгілік ел» идеясының жүзеге асыруының негізі мектепте қаланып жоғарғы оқу орындарында шындалуға тиіс. Жоғары оқу орындарында бүгінгі күні білім беру жүйесінің тәрбие жұмысын ұйымдастыруында барлық деңгейді тәрбие жұмысын күшейту үшін тәрбиенің мазмұнды нысандарын, әдістерін, құралдарын қайта қарау қажеттіліктері туындауда. Қазақстанның ұлттық бірлігі жас ұрпақты патриоттық құрмет көрсетуге, рухани дәстүрді және адамгершілік құндылықтарды бағалауға бағытталған. Білім мен тәрбие үрдісін іске асыруда ата-аналармен ұстаздардың бірлескен авторлық бағыттары қажет. Жоғарғы оқу орындарында тәрбиелеу және бос уақытты өткізу қызметінің орталықтары құрылуда. Студенттің өзін-өзі басқару қызметі және студенттер арасындағы патриоттық жұмыстар жандануда /1, 8/.

Патриоттық сананы қоғамдық өмірде бекітетін Жоғарғы оқу орындарындағы білім мен тәрбие беру мемлекеттің көмегімен патриоттық сана қоғамдық өмірге бекітіліп мемлекет тарапынан қолдауға ие болады. Студент жастар қоғамның құрылымында ерекше орын алады. Ендеше қазіргі жастардың өзінің тұлғалық-кәсіби нығаюға бет алуын жоғары деңгейде санауға болады. Қазақстанның әлеуметтік үрдісінде жаңғыру шынайы іс жүзінде қатысуға деген даралық көзқарастар қалыптасуда.

Білім берудегі инновациялық үдерістің нәтижесі теориялық және тәжірибелік жағынан жаңалықтарды қолдану болып табылады. Білім беру жүйесінде инновация білім беру мақсатына орай жаңалықтар енгізуді, жаңа мазмұнды тәсілдер мен тәжірибелер және білім беру формаларын қайта жасауды, жаңа педагогикалық жүйені енгізуді және таратуды, жоғары мектепті басқарудың жаңа технологияларын жасауды және дамытуды көздейді, сондай-ақ, мектепте жаңа білім беру бағытын ұстанғанда, оның мақсаты, мазмұны, әдісі жаңа талаптарға сай болуды жобалайды. Білім сапасы қойылатын талаптардың өзгеруіне байланысты сыртқы факторлардың әсерінен туындап қана қойған жоқ, сонымен қатар даму үрдісін тудыратын ішкі қарама-қайшылықтардың да әсерінен өріс алып отыр. Білім беру тәжірибесі көрсетіп отырғандай, университет бірыңғай жұмыс істеу режимінде қала алмайды, қоғам талабына сай және уақыттан артта қалмас үшін университет сапалы өзгеруі қажет. Инновациялық іс-әрекетке қойылатын шектеулердің азаюы білім беру жүйесінде ауқымды инновациялық қозғалысты туындатып отыр. Білім берудегі инновациялық технологиялар білім алушылардың өз бетінше жұмысын белсендіре түсуге және мәселенің шешімін табуда қолдануға, зерттеуге, әріптестікке бағытталған. Оларды қолдану студент пен оқытушы арасындағы сапалы өзара әрекеттестікті талап етеді.

Білім берудің қай түрі болмасын ол тәрбиеге келіп тірелері сөзсіз. «Тәрбиесіз берілген білімнің адамның қас жауы», – екендігін бағзы замандарда-ақ ұлы ғұлама Әл-Фараби дәлелдеп кеткен. Бұл қоғамда бүгінде өзекті, маңызды. Жоғарғы оқу орындарында тәрбие жұмысының негізгі мақсаты, әлеуметтік тұрғыда белсенді, шығармашыл инновациялық, әлеуметтік-мәдени өзгерістерді қажет етеді. XIX ғасырға лайықты, елін сүйген патриот қалыптасқан тұлға дамытуға жағдайлар жасауға негізделген. Әрбір жоғарғы оқу орындарында қауымдас-тықпен тәрбиелеуге, дәстүрін құрметтуге, білім алуға деген жауапкершілікті күшейтуге азаматтық және патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға негіз жасалған. Ұлттың өткенімен мәдени мұрасына құрмет көрсетуге және әлеуметтік мәселелерді шешуге, үн қосуға студенттер даяр болулары қажет. Студент жастардың мүддесімен қажеттіліктерінің басымдықтарын мойындау, ұрпақ сабақтастығымен өзін-өзі басқару білім алудан тыс тәрбие қызметінің әртүрлі түрлеріне ерікті қатынасу қажет. Инновациялық әдістерді әзірлеу барысында «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының тәжірибесін белсенді пайдалану өзекті. Студенттерді топқа бөлу, көшбасшылықты анықтау және өзара бағалау инновациялық заманауи тиімді тәсіл екендігі белгілі. Бұдан студенттердің алған біліміөмірде қолданатын басты бағыттардың бірі болып табылады.

Мәңгілік ел жастары «Серпін»бағдарламасы бойынша бастаған игі бастама бір топ студенттердің яғни білім іздеген жас өркендердің болашақта алған білімдері еліміздің өркендеуіне зор үлесін қосып, жаңа серпін әкелері сөзсіз.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында тәрбие мен білім жүйесінің даму бағыты оқу технологиясының барлық сапасын, тәрбие нысанын арттыруға жеке тұлғаны дамытуға қазіргі заманға сай жұмыс істеуге бағытталған өзекті-тәрбие нұрлы тәрбие жолы сан тарау демекпіз.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Солтүстік Қазақстан. 2014. №101.
- 2 Қарабатырова А.К. Сапалы білім беру тәуелсіз-Қазақстанның тұрақты даму шарты ретінде, 2011.
- 3 Таубаева Ш. Педагогика әдіснамасы: оқу құралы, 2013.